

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- 3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 4) операциялық жоспарлар [8].

Қорыта келе, бюджет процесін жетілдіру үшін келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Қазақстан Республикасында бюджеттік құралдардың шектілігі жағдайында бюджет шығындарының тиімділігін арттырған жөн.
2. Бюджеттік процеске қатысушылардың бюджеттік өкілеттіктерін және жауапкершіліктерін анықтау керек.
3. Бюджеттерді децентрализациялық әзірлеу және шығындарды басқаруды бағалау мемлекеттік шығындардың және биліктің есеп беруге міндеттілігі тиімділігін арттыру қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Зейнелгабдин А.Б. Финансовая система Казахстана: становление и развитие: монография – Астана: Изд. КазУЭФиМТ, 2008. – 226 с.
2. Утибаев Б.С., Жунусова Р.М., Саткалиева В.А. Государственный бюджет: Учебник Алматы, Экономика, 2006.- 412с.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от «26» декабря 2007 года № 1297 «Концепция по внедрению системы государственного планирования, ориентированного на результаты»
4. Маннинг Н., Парисон Н. Реформа государственной службы: методика проведения функциональных обзоров/Пер. с англ. М., ГУВШЭ, 2002.
5. Афанасьев М.П. Основы бюджетной системы. М.: Издательский дом ГУ-3. ВЭШ, 2004.
6. Лавров А.М. Бюджетная реформа в России: от управления затратами к управлению результатами. М.: КомКнига, 2005. - 556 с
7. Ильясов К.К. Расходы государственного бюджета : учеб. пособие/ К. К. Ильясов П. Б. Исахова. М-во образования и науки РК, Каз. экон. ун-т им. Т. Рыскулова.- Алматы: Экономика, 2003.
8. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі

УДК 346.4.12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Сактаганова И.С.

Aridnis@mail.ru

з.ғ.к., ЕҰУ-ның Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, Конституциялық
құқығы кафедрасының доценті

Тамтен К.Қ.

kenesary92@inbox.ru

ЕҰУ-ның «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты

Қазіргі ұлттық экономиканың қуаттылығы өндіргіш күштердің даму деңгейімен ғана анықталмай, бірінші кезекте мемлекеттің сол өндіргіш күштердің немесе ұлттық экономиканың белсенді дамуына жағдай жасап, ұлттық мүдделерді анықтап, оларды қорғау мүмкіндігімен көрінді. Әсіресе қаржы қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық

қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады.

Еліміздің экономикалық қауіпсіздігінің маңызды элементі – қаржылық қауіпсіздік – мемлекеттің қабілеттілігінің басты шарты ретінде өзінің ұлттық мүддесіне сәйкес дербес қаржы-экономикалық саясатын жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының қаржылық қауіпсіздігінің мәнін мемлекеттің міндеттері мен функцияларын орындауға қажетті көлемде оң қаржы ағынын қалыптастыруды қамтамасыз ететін экономиканың жай-күйі деп айқындауға болады.

Қаржы қауіпсіздігі - мемлекеттің макродеңгейде экономикалық мүдделерді, корпоративтік құрылымдарды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы құрылымдарын қорғау жөніндегі шаралары, әдістері мен құралдары кешенін қамтитын ұғым. Макродеңгейдегі қаржы қауіпсіздігі. — мемлекеттің бейбіт уақытта және төтенше жағдайларда келеңсіз ішкі және сыртқы қаржылық ықпалдан баламалы түрде қайтарма жауап табу қабілеті. Қаржы қауіпсіздігі мемлекеттің қаржы жүйесінің жай-күйін және елдің экономикалық және әскери қауіпсіздігін қажетті деңгейде қолдау үшін экономикалық қажеттерді жеткілікті мөлшерде уақытылы және сенімді қамтамасыз етуге дайын екенін көрсетеді.[1]

Қаржылық қауіпсіздік – экономикалық тәуелсіздігі мен тұрақты дамуына қауіп төндіретін ішкі және сыртқы факторлардан, үдерістерден, жағдайлардан қорғау. Қаржы қауіпсіздікке төнетін қауіп мемлекеттік жүйенің басқару жүйесінің негізгі буындарының құлдырауы, ұлттық байлыққа нұқсан келу, технологиялық артта қалушылық, қаржы - несие, валюта жүйесінің бұзылуы, ғылыми әлеуметтік регресс, қоғамның ыдырауы, конституциялық әлеуметтік және кепілдікпен адамдарды қамтамасыз ете алмау сияқты ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындайтын қауіптің мүмкіндігі. Факторлар – үдеріс, құбылыстардың пайда болу жағдайы, олардың сипатын анықтайтын жеке белгілер, нәтижелер, ішкі немесе сыртқы болуы мүмкін, бір мезгілде, бір немесе бірнеше бағытта болуы мүмкін. Экономикалық қауіпсіздікке әсер ететін факторларға табиғи, техногендік және экологиялық сипаттағы төтенше жағдайларды жатқызуға болады.

Қаржы қауіпсіздік жүйесі – қаржы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізуге бағытталған және нормативтік актілердің жиынтығы.

Қаржы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі – атқарушы билік органдарымен, төтенше жағдайлардың салдарын жою мен бөлу қаупінің алдын алуға арналған қаражаттар мен күшті қамтитын экономикалық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі.

Қаржы қауіпсіздік объектісі – экономика мен мемлекетті тиімді басқару жүйесі аумақтық тұтастықты, егемендікті сақтауға ықпал ететін жағдайлар.

Қаржы қауіпсіздік субъектісі адам мен қоғам заңды-атқарушы сот билігі түріндегі мемлекет.

Қаржы қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясы, негізгі мақсаттары мен оларға қол жеткізу жолдары, жалпы қоғамның әрекетінің ортақ бағыттылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздік саясатының мақсаты болып, әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз ету жағдайын жасау, негізгі құндылықтарды қорғау, Қазақстан халқының өмір сүруінің материалдық негіздерін, оның құқықтары мен бостандықтарын, республиканың ішкі және сыртқы саясатына саяси қысым мүмкіндіктерін болдырмауға жағдай жасау.

Мемлекеттің қаржы қауіпсіздігін жүзеге асырайтын биліктің өкілді және атқарушы органдарының қаржылық құқықтық нормалардан тұратын нормативтік құқықтық актілері қаржылық құқықтың қайнар көздері болып табылады:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. Құжатта нақты көрсетілген барлық органдар үшін жауапты қауіпсіздік, қаржы мемлекеттің жазылған, олардың өкілеттігі мен өзара қарым-қатынас ерекшеліктері;

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары;

3. Қазақстан Республикасының Президентінің заң күші бар жарлықтары,Қазақстан Республикасының Президентінің нормативтік жарлықтары;

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік қаулылары;

5. Тиісті актілер деңгейлеріне органдарының көздейтін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржылық қауіпсіздік.

6. ҚР Қаржы министрінің, ҚР Ұлттық Банктің нормативтік бұйрықтары

7. ҚР-ның басқа елдерімен халықаралық келісімдер мен шарттар.

Экономикалық қауіпсіздік пен тәуелсіздік қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік шаралар мен кепілдіктердің жүйесімен қамтамасыз етіледі, және одан мынадай міндеттер туындайды:

- республикада экономикалық қызметтің тұрақты заңды базасын құру.
- валюта - қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы қарызды реттеу.
- өндіріс, экспорт, импортты оңтайландыру.
- шетел капиталын пайдаланатын кәсіпорындардың құрылуы мен қызмет істеуін реттеу.
- жабық, құпия, коммерциялық құпияны және басқа да ақпаратты, меншіктік зияткерлікті қорғау жүйесін құру.
- қаржы қауіпсіздік пен тәуелсіздікті қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік басқару органдарының жүйесін құру.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылымдық инвестицияның, валюталық-қаржылық, экспорттық-импорттық, кедендік институционалдық және кадрлық саясатты, экономикалық реформаларды құқықтық қамтамасыз ету талап етіледі. Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің тұтастығымен өмірін қамтамасыз етуден, елдің қажеттіліктерінің жиынтығын білдіретін, мемлекеттің ұлттық мүддесімен анықталады. Кез-келген мемлекеттің негізгі ұлттық мүдделері болып мыналар табылады:

- елдің аумақтық тұтастығы;
- мемлекеттік егемендігі;
- елдің және халықтың экономикалық өркендеуі;
- әлемдік қауымдастықта лайықты орынға ие болуы.

Қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізу, ең алдымен экономикалық қауіпсіздікке сүйенеді, яғни Қазақстанның даму стратегиясының негізгі бағыттарының маңыздысы экономикалық жүйенің қауіпсіздігі болып табылады. Экономикалық және саяси тұрақсыздық, Қазақстан мен тек әлеуметтік экономикалық байланысты емес, сонымен бірге ондаған жылдар бойы ұлтаралық және жеке байланыстармен қарым-қатынасының көршілес мемлекеттердегі ұлтаралық шиеленістер, республикадағы жағдайға теріс ықпалын тигізеді. Еңбекті аймақтық бөлу және орталықта жоспарлау жылдарында қалыптасқан өнеркәсіптік

және минералдық шикізаттан және қайта өңделетін кейбір өнімдерден басқалары өнімдерді өткізудің альтернативті рыногының болмауы, өндірістің технологиялық артта қалуы, оның өтелмейтін монополиялануы мен шоғырландырылуы Қазақстан экономикасын қауқарсыз етеді. Ол экономикалық тетіктерді, республикалық саяси қысым жасау үшін, Қазақстаннан басқа елдермен қарым-қатынасындағы ұлттық мүдделерге қысым жасауға пайдалану мүмкіндігін тудыруы тиіс.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шаралардың бірі қаржылық бақылау. Бұл заңдылықты және атқарушы билік органдарының барлық деңгейінің және арнайы құрылған мекемелердің экономикалық субъекттердің қаржылық қызметіне бақылау жүргізуі.

«Қаржылық бақылау пәрменді жүйесін құру, елдегі объективті қажеттілігі ретінде саналы түрде меңгерілген. Осы жүйе қаржылық қауіпсіздік қамтамасыз ету механизмі ретінде қызмет етеді, өйткені қаржы саласындағы заңдылықты сақтау түсімдер жасау үшін қажетті элементі жағдай, үздіксіз мемлекеттік бюджетке түсетін кірістер».[5]

Жүргізілген зерттеулер бойынша өткен 15 жыл ішінде Есеп комитеті 560 бақылау іс-шарасын жүргізіп, жалпы 800 млрд. теңгенің қаржылық бұзушылықтарын анықтады, нәтижесінде 60 млрд.-қа жуық теңге бюджетке қайтарылды. Есеп комитеті қызметінің экономикалық әсері тек 2010 жылдың өзінде оның жұмысын қамтамасыз етуге бөлінген қаржыдан 15 есеге асып түсті. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығының қарсаңында Есеп комитеті мемлекетіміздің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін институттардың бірі екендігі шүбәсіз.

2010 жылы мемлекеттік органдар стратегиялық жоспарлар әзірлеп, оларды бекітіп, нәтижеге бағдарланған республикалық бюджетті қалыптастыруға және атқаруға кең ауқымда өте бастағанын атап өткен жөн. Республикалық бюджеттің 2010 жылғы іс жүзіндегі шығыстарының көлемі 4574,1 млрд. теңгені құрап, 2009 жылмен салыстырғанда, 28,5%-ға ұлғайды. Бұл ретте жалпы ішкі өнімге шаққандағы шығыстардың үлесі 2009 жылғы 20,9%-ға карағанда, 2010 жылы 21,1% болды. Республикалық бюджет шығыстарының өсімі 2010 жылы экономиканың дамуына белгілі бір дәрежеде мультипликативті әсер етті.[5]

Қарастырылған мәселе бойынша, еліміздің қауіпсіздігі, егемендігі, біртұтас болып сақталуы мемлекеттің экономикасында көрініс табады. Сондықтан, қаржы қауіпсіздігінің құқықтық реттелуі экономикаға оң әсерін тигізіп, оның сақталуының және дамуының басты механизмдердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Қаржы-экономика сөздігі» // Алматы, 2007.
2. Жусупов А.Д. «ҚР Қаржы құқығы» // Астана, 2008.
3. Худяков А.И. «Основы теории финансового права» // Жеты Жарғы. Алматы, 1995.
4. Конюхова Т. В. К вопросу о концепции проекта государственного закона "О финансовом контроле" // ЖРП. 2006.
5. Қазақстан Республикасының бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мәліметтері.